

“Астана медицина Университеті” АҚ
Құқық негіздері мен сот медицинасы кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы : Депутаттық қолсұқпаушылықтың түсінігі және
жалпы сипаты

Орындаған: Қазисов С.Қ
Топ: 109 ЖМ
Тексерген: Мұқанова А.Б.

Астана 2017

Жоспар :

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім:

1. Депутаттың құқықтық мәртебесі
2. ҚР Парламенті мәжіліс депутатының өкілеттігі
3. ҚР Парламенті сенат депутатының өкілеттігі
4. Маслихат депутатының өкілеттігі
5. ҚР Парламент Мәжіліс төрағасының өкілеттігі
6. ҚР Парламент Сенат төрағасының өкілеттігі
7. Депутаттық қолсұқпаушылық түсінігі:оның ерекшеліктері мен мазмұны
- 8.Қоғамдық қатынастарда халықтық депутаттардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау
9. Депутаттық қолсұқпаушылықтан айыру тәртібі
10. Мемлекеттік қызметті жүзеге асыруда депутаттың өкілеттігін іске асыру.

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиет

Депутаттық қолсұқпаушылық

Депутаттың мәртебесінің бірден-бір кепілі. Оның мағынасы бойынша

депутатты сайланған органның келісімінсіз қылмыстық жауапкершілік пен ауыр әкімшілік жауапкершілікке тарту және қамауға алу мүмкін емес.

Осылайша депутаттық қолсұқпаушылық - бұл бұқаралық ақпарат құралдары бұрыс қабылдаған депутатты жауапкершіліктен мүлде босату емес, бұл жауапкершілікке қатысты белгілі бір шараларды ерекше қолдану, ол депутатты айғақсыз құдалаудан қорғау. Және ең алдымен депутат жағынан сын тудырған органдар мен лауазымды тұлғалардың кегі, заңсыз және жағымсыз әрекеттерінен сақтау.

Мемлекеттік басқаруда заңдылықты және тәртіпті қамтамасыз ету — заңдылық — биліктік өкілеттілікке иеленген мемлекеттік құрылымдардың қызметі.



мемлекеттік билік органдарының қызметінде, олардың лауазымды тұлғаларының заңдарға және одан туындайтын актілерінің талаптарының бұзылуына жол бермеу;

оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің пайда болуы;

заңдылық пен тәртіптің бұзылуына себеп болатын жағдайларды жоюға шаралар қолдану.

заңдылық пен тәртіпті бұзған кінәлілерді белгіленген жауапкершілікке тарту;

табылған құқық бұзушылықтарды уақытында және оперативтік тұрғыда жолын кесу және жою;

оларға себеп болатын жағдайларды іздестіру;

32-бап. Депутатқа ешкімнің тиіспеу құқығы

1. Парламент депутатын оның өкілеттік мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен белгіленген әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерден өзге, тиісті Палатаның келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

2. Депутатты қылмыстық жауапқа тартуға, қамауға алуға немесе сот тәртібімен белгіленген әкімшілік жазалау шараларын қолдануға келісім алу үшін Бас Прокурор Сенатқа не Мәжіліске ұсыныс енгізеді, оны Палаталар тиісті Палатаның отырысында қарауға әзірлеу үшін Орталық сайлау комиссиясына жібереді. Ұсыныс депутатқа айып тағудың, оны қамауға алуға санкция берудің немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді сотқа жіберудің алдында енгізіледі.

32-бап. Депутатқа ешкімнің тиіспеу құқығы

3. Депутатқа қатысты қылмыстық істі анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыратын Республика мемлекеттік органының басшысы ғана қозғай алады және ол іс жүргізу аяқталысымен қадағалауды жүзеге асыру үшін Бас Прокурорға тапсырылуға тиіс.

4. Орталық сайлау комиссиясы іс бойынша шешім қабылдаған тиісті соттан істі қарау нәтижелері туралы ақпаратты сұратып алады және айыптау үкімі шығарылған жағдайда тиісті Палатаға депутаттық мандаттан айыру жөнінде ұсыныс енгізеді.

Депутаттың құқықтық мәртебесі

Депутат өз мәртебесін пайдалана отырып, халық ішінде болып, олардың талап-тілектерін, ұсыныстарын ескеруі керек. Парламент депутаттары халық пен билік арасындағы көпір іспеттес. Депутаттыққа білімі жоғары, парасатты, адамгершілік қасиеттері мол, өз мүддесінен гөрі халық мүддесін жоғары қоятын, халқымыздың ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, ділін құрметтейтін тұлғалар сайланады.

ҚР Парламенті мәжіліс депутатының өкілеттігі

Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады.

Мәжілістің тоқсан сегіз депутаты саяси партиялардан партиялық тізімдер бойынша бірыңғай жалпыұлттық сайлау округінен жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды.



ҚР Парламенті сенат депутатының өкілеттігі

Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенаттың сайланатын депутаттарының жартысы әрбір үш жылда қайта сайланады.

Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды.



Мәслихат депутатының өкілеттігі

Мәслихат — тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қарамағындағы аймақтың жай-күйіне жауапты жергілікті өкілдік орган. Ол сол аймақ халқының қалауын, ықтиярын білдіреді және жалпы мемлекеттік мүддені ескере отырып, қабылданған шешімдерді жүзеге асыру шараларын белгілейді әрі атқарылу барысын бақылайды.

Мәслихатты сайлау және оның пайда болуы халықаралық стандарт талаптарына жауап береді. 2001 жылдың 23 қаңтарында қабылданып, 2006 жылдың 10 қаңтарында өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына сәйкес мәслихат өкілетті орган ретінде төмендегі функцияларды орындайды



ҚР Парламент Мәжіліс төрағасының өкілеттігі

1) Республика Парламентінің сессияларын ашады;

2) Палатаның жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) Палаталардың кезекті бірлескен жалпы отырыстарын шақырады, Парламент Палаталарының кезекті және кезектен тыс бірлескен жалпы отырыстарына төрағалық етеді;

4) Парламент отырысының күн тәртібін және жұмыс ретін Парламентінің жалпы отырысының бекітуіне енгізеді;

5) Палатаның қарауына енгізілетін мәселелерді әзірлеуге жалпы басшылықты жүзеге асырады;

ҚР Парламент Сенат төрағасының өкілеттігі

Сенат отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

Сенаттың қарауына енгізілетін мәселелердің әзірленуіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

Палатаға Палата Төрағасының орынбасарлары қызметіне сайлауға кандидатуралар ұсынады, сондай-ақ олардың арасындағы міндеттерді бөледі;

Сенат Регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

Сенаттың үйлестіру органының қызметіне басшылық етеді;

Сенат шығаратын актілерге қол қояды;



ҚР Парламент Сенат төрағасының өкілеттігі

Палаталарға Конституциялық Кеңестің екі мүшесін, Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің үш мүшесін қызметке тағайындау үшін кандидатураларды ұсынады; Сенаттың кезекті отырысы күн тәртібінің жобасын әзірлейді; Сенаттың кезектен тыс отырыстарын шақырады; Мәжіліс мақұлдаған заң жобаларын қарау үшін Сенаттың комитеттеріне жібереді; Сенат қабылдаған заңдарды қол қою үшін Қазақстан Республикасының Президентіне жібереді



Қорытынды:

Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын жоғары органы - Парламент палаталарына (Мәжіліс, Сенат), сондай-ақ жергілікті өкілетті билік органдарына (мәслихаттар) Депутат сайлау тәртібі, олардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Конституциясында, арнаулы заңдарда көрсетілген.

Қорытындылай айтқанда, жалпы депутаттық қолсұқпаушылық - бұл бұқаралық ақпарат құралдары бұрыс қабылдаған депутатты жауапкершіліктен мүлде босату емес, бұл жауапкершілікке қатысты белгілі бір шараларды ерекше қолдану, ол депутатты айғақсыз құдалаудан қорғау.

Қолданылған әдебиеттер:

- ▶ Төлеуғалиев Ғ. ҚР Азаматтық құқығы. Оқу құралы. Алматы 2001 ж.
- ▶ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі /ерекше бөлім/, 1 шілде 1999 ж.
- ▶ Қазақстан Республикасының Азаматтық істер жүргізу кодексі, 13 шілде 1999 жыл.
- ▶ Мұса С. Азаматтық қоғам. // Егемен Қазақстан.-2006.-29 қыркүйек.-
- ▶ <http://topreferat.com.kz/kurstyq-zhumystar/songghy-qosylghan-kurstyq-zhumystar/4189-qazaqstan-respublikasynyng-parlamentining-deputattarynyng-quqyqtyq-zhaghdayy-kurstyq-zhumys.html>
- ▶ <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5%D0%BF%D1%83%D1%82%D0%B0%D1%82>